

**«БЕКІТЕМІН»**

**«Астана қаласының  
Дене шынықтыру және спорт  
басқармасы» ММ  
басшысы**

\_\_\_\_\_ **В.А. Левит**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2024 жыл**

**«КЕЛІСЕМІН»**

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Спорттық-бұқаралық  
іс-шараларды өткізу  
дирекциясы» КММ басшысы**

\_\_\_\_\_ **Б.Е. Масанов**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2024 жыл**

**«КЕЛІСЕМІН»**

**Астана қаласының «Спорттық  
бағдарлау федерациясы» ҚҚБ  
президенті**

\_\_\_\_\_ **Е.Б. Баяхметов**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2024 жыл**

## **РОГЕЙН БОЙЫНША ЖҮРУ/ ЖҮГІРУ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН АШЫҚ ҚАЛАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

**Астана қаласы, 2024 жыл**

## **1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТЕТІН УАҚЫТЫ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ МЕН КЕТУ КҮНІ.**

### **РОГЕЙН БОЙЫНША ЖҮРУ/ ЖҮГІРУ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН АШЫҚ ҚАЛАЛЫҚ ЖАРЫС**

Мақсаты мен міндеттері:

- Астана қаласында спортты насихаттау және дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- халық арасында навигациялық дағдыларды дамыту.

Жарыс Астана қаласында, қалалық аймақтарда **2024 жылдың 17 тамызында** өткізіледі. Жарыс орталығы – Астана қаласы, Тұран даңғылы 2/5.

Келу күні: 17 тамыз 2024 жыл; Қайту күні: 17 тамыз 2024 жыл.  
Басталу уақыты қосымшада көрсетіледі.

## **2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ.**

Жарысқа өтінім берген, денсаулықтарына қарсы көрсеткіштері жоқ командалар және жеке тұлғалар қатыса алады.

Қатысушылар саны шектелмеген.

- 2-5 адамнан тұратын командаларға қатысуға рұқсат етіледі
- Қатысушылардың жасы – 8 жастан басталады. 18 жасқа толмаған қатысушылар ересек адамның сүйемелдеуімен ғана қатысуға рұқсат етіледі.

## **ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНАТТАРЫ**

M/W - 10 (2014 ж.т. және одан кіші, 2 адамнан тұратын команда)

M/W - 15 (2009 - 2013, 2 адамнан тұратын команда, жалпы жасы 28 жастан аспайды.)

MW - 15 (2009 - 2013, 2 адамнан тұратын команда = бала+ ересек адам, 1 ер және 1 әйел - аралас команда)

M/W - 15 (2009 - 2013, 2 адамнан тұратын команда = бала+ ересек адам, тек ерлер немесе тек әйелдер)

MW – 16 (2008 және одан үлкен, 2-5 адамнан тұратын команда, кем дегенде 1 ер және 1 әйел - аралас команда)

M/W – 16 (2008 және одан үлкен, 2-5 адамнан тұратын команда, тек ерлер немесе тек әйелдер)

MW – V (1989 – 1969, ветерандар, аралас, тек ерлер немесе тек әйелдер)

M/W – V (1989 – 1969, ветерандар, аралас, кем дегенде. 1 ер және 1 әйел)

MW – SV (1968 және одан үлкен, кем дегенде. 1 ер және 1 әйел)

M/W – SV (1968 және одан үлкен, тек ерлер немесе тек әйелдер )

**\*Ескерту:**

- 5 командадан аз санаттар қазылар алқасының қалауы бойынша біріктіріледі.

- Қатысушылардың жасы спорттық бағдарлау ережелері бойынша анықталады.

### **ЖАРЫСТЫҢ ФОРМАТЫ**

-Жарыс рогейн форматында өтеді, командалар берілген уақыт ішінде мүмкіндігінше көп бақылау пункттерін (БП) тауып, тіркелуі керек.

- Бақылау нүктелерінің қиындығы мен басталу қашықтығына байланысты әртүрлі мәндері болады

- Қатысушыларға БП белгісі бар карталар беріледі

### **ЖАБДЫҚ**

- Қатысушыларда компас, сағат және ұялы телефон (жедел байланыс үшін) болуы керек.
- Су, азық-түлік және алғашқы көмек қобдишасының болуы ұсынылады.

### **ҚАУІПСІЗДІК**

- Қатысушылар қоғамдық орындарда жол қозғалысы ережелері мен мінез-құлық стандарттарын сақтауға міндетті
- Ұйымдастырушылар жарыс кезінде қатысушылардың жарақаттары мен жазатайым оқиғаларына жауапты емес

Жарысты Астана қаланың спорттық бағдарлау федерациясы ұйымдастырып отыр. Жүргізу Астана қаласының ӘҚБ бекіткен қазылар алқасына жүктеледі.

### **3. МЕДИКАЛЫҚ – САНИТАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.**

Жарыс барысында спортшылардың өмір қауіпсіздігіне, денсаулығына тікелей қатысушының өзі жауапты болады. Жарыс кезінде спортшылармен оқыс жағдайлар, жарақаттар болған жағдайда ұйымдастырушыға жауапкершілік жүктелмейді. Мәре бойында дәрігер болады.

Жарыстың барлық қатысушылары допингке қарсы ережемен таныстырылады.

Тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді (бұдан әрі допинг) химиялық қосылыстар, тыйым салынған заттарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

### **4. ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР.**

Қатысуға өтінім тек ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі, 2024 жылдың 16 тамызы, сағат 20:00-ге дейін қабылданады.

ӨТІНІМДЕРДІ КӨРСЕТІЛГЕН МЕРЗІМНЕН (16.08.2024 ж. – 20:00)

КЕШІКТІРІП ЖІБЕРГЕН ҚАТЫСУШЫЛАР КІРУ жарнасын екі еселеп төлейді.

Жарысқа түсу келесі қатысушыларға рұқсат етіледі:

Спорттық бағдарлауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ. Қатысушы өз бетінше медициналық тексеруден өтуге және бағдарлау жарыстарына қатысуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды алуға міндетті. Кәмелетке толған спортшылар өз денсаулықтарына өз бетінше жауапты.

### **5. ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ.**

Жарыс толығымен өзін-өзі қамтамасыз етеді. Астана қаласының спорттық бағдарлау федерациясы төрешілерге еңбекақы төлеу, старт пен финишті

ұйымдастыру, карталар мен сандарды шығару шығындарын қаржыландырады.

Дипломдар және медальдар Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық - бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қамтамасыз етеді. Жарыстың барлық күндерінің қортындысы бойынша 1-3 орын алған қатысушылар диплом және медальдармен, сыйлықтармен марапатталады.

- Жарыс командалық біріншілік ретінде өткізіледі.
- Жеңімпаздар жиналған ең көп ұпай саны бойынша анықталады
- Тең болған жағдайда, уақыт аз болған команда жеңеді
- 1-3 орын алған командалар медальдармен және дипломдармен марапатталады.
- Егер санатта 3 командадан аз болса, қатысушылар дипломдармен марапатталады.

## **6. ЖАРЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАНУ МЕН НАРАЗЫЛЫҚТАР.**

Наразылықтар беру тәртібі және оны қарау ҚР СБФ ережелеріне жеңілдетілген түріне сәйкес қаралады.

Жарыстың осы Ережесі жарысқа қатысу үшін ресми және шақыру болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бас төреші: Абишев Б. +7 701 228 62 01

Бас хатшы:

